

Ақтөбе қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 1845 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2018 жылғы 17 сәуірде № 3-1-184 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 5137 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 28.12.2020 № 5137 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 16.08.2019 № 3798 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы қаулыны "Ақтөбе қалалық Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) Осы қаулыны Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары К.А.Айдархановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Ақтөбе қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 27.02.2020 № 997 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2020 бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады)

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (қала, ауыл, кент)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы			
		Негізгі құрылымдық бірліктер (топтар)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір күндік төлемақы мөлшері (теңге)
1		жалпы мақсаттағы топтар	22823	28800	600
2	Ақтөбе қаласы	ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар топтар	300	43314	балаларды қамтамасыз ету ақысыз түрде жүргізіледі